

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Переводчики нередко сталкиваются с ситуациями, когда спикеры цитируют известных авторов, щеголяют крылатыми фразами, пословицами и поговорками, фразеологизмами, и если при последних случаях можно привести эквиваленты на языке перевода, то с поэтическим текстом дело обстоит насмного сложнее. Все мы понимаем, что перевод стихотворных строк невозможен при устном переводе, тем более при переводе синхронном. В таких случаях рекомендуется применять толкование или интерпретацию смысла произнесенных строк из поэзии, нежели пытаться перевести дословно и сохранить рифму. Данный пример является отличным выходом из положения, когда синхронист так и поступил, добившись необходимого коммуникативного эффекта.

Таким образом, можно сделать вывод, сказав, что в синхронном казахско-английском переводе интерпретация имеет место быть. Чаще всего переводчики прибегают к применению стратегии ожидания, когда глагол стоит в предложении на последнем месте. В подобном случае переводчик ставит перед собой задачу получить более широкий контекст для принятия правильного решения. Также стратегия ожидания используется, когда синхронист делает небольшую паузу, дожидаясь дополнительных компонентов текста, которые могли бы полностью прояснить смысл высказывания, если из имеющегося контекста он не совсем ясен. Синхронный переводчик может выдержать паузу в течение нескольких секунд, если он не ставит получателя информации в неловкое положение из-за временного отсутствия перевода в наушниках. Все подобные навыки значительно упрощают процесс перевода и помогают переводчику выполнить свою коммуникативную функцию.

Список использованных источников:

1. Алпейсова К.А. Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау заңдылықтары (саяси және дискурс материалында). Автореферат канд. филол. наук. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2010.
2. Алпысбаев Қ.Қ. Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі. – Алматы, 2001
3. Алпейсова К.А. Ілеспе аударманың жалпы мәселелері // Переводческое мастерство: современные методы обучения: мат. респ. научно-метод. семинара. – Астана, 2014. – 511 с. – С. 123-127
4. Выступление ректора ЕНУ им. Л.Н. Гумилева Сыдыкова Е.Б. на научно-практической конференции в рамках IV Астанинского экономического форума.

УДК 81'253

РЕАЛИЯЛАРДЫ АУДАРУ ЖОЛДАРЫ

Сержанова Тоғжан

pd11_11@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бескемер А.

А. В. Федоров «басқа тілге аударылмайтын сөз жоқ, яғни, берілген тілдің көп таралған сөз тіркестерімен сипатталмайтыны жоқ» деген пікір айтады. [1]

Реалия дегеніміз – әр халықтың өзіне ғана тән өміріне, тұрмысына, салт – дәстүріне, тарихына әлеуметтік және рухани мәдениеті ерекшеліктеріне қатысты ұғымдар. Реалия сөздер көбінесе көбінесе әдеби шығармаларда, атап айтсақ: романдарда, дастандарда, өлеңдер мен ертегілерде кездеседі. «Реалия» терминінің әр алуан анықтамаларын қарастырайық:

1) реалия – практикалық түрде басқа тілде сөйлейтін адамдардың өмірінде болмайтын ұғым;

2) сыртқы лингвистикамен және аударматану ілімі зерттейтін әр түрлі факторлар және олардың тілде бейнеленуі, сондай-ақ берілген елдің мемлекеттік құрылымы, халықтың тарихы, мәдениеті, тілі, берілген тіл меңгерушілерінің байланыстары және т.б.;

3) сөздің номинативті мәні үшін негіз болып табылатын материалдық мәдениеттің заттары;

4) өмірдің және тұрмыстың ұлттық ерекшеліктерін белгілейтін сөздер. [2]

Реалия аудармасы – тілдің ұлттық және тарихи маңызда мәселелерінің берілуі. «Реалия» деген сөздің өзі латын тіліндегі көпше түрде қолданылатын нағыз, шын деген мағынаны білдіретін сын есім. Сөздік анықтамаларға сәйкес реалия бұл мәдениет, тарих мәліметтері, мемлекеттік институттар, ұлттық және фольклорлық кейіпкерлер аттарының аңыздық сипаттамы, анықтамасы. Тілдерді салыстыру барысында бұл құбылыстарды білдіретін сөздер баламасы жоқ лексикаға жататындығы анықталған. Баламасы жоқ сөздер деп басқа мәдениетте кездеспейтін түсініктерді білдіруге қызмет ететін сөздерді айтады. Олар басқа тілдерге бір сөзбен аударылмайды және сол тілде бұл сөздерге сәйкес баламалары болмайды. Аудармашы суреттеу арқылы мағынасын аша алады. Мысалы Victor (радио және теледидар жабдықтарын шығаратын фирма атауы), Баржоми (минералды судың атауы).

Реалия тек бір тіл тобына ғана тән ал екінші топта бұл сөздер кездеспейді мысалы: Drugstore, the chemist's – дәріхана.

Реалия екі тілдік топқа да тән, бірақ олардың біреуінде реалия ерекше көрсетілген мысалы: Clover leaf – машинаның үш бағытта ашылу жолдары.

Өртүрлі ортада ұқсас функциялар түрлі реалиялармен беріледі мысалы: hot dog – тоқаш нан.

Реалияның терминмен ұқсастығы әлі де анықталып келеді. Шығу тегіне қарай реалиялар табиғи сөз тудыру жолдары арқылы пайда болса, терминдер жасанды жолмен жасалып, көбінесе латын немесе грек сөздерінің негізінде сөздерді қайта ойластыру арқылы жасалады. А.Швейцар «бір мезгілде реалия да, терминде бола алатын сөздер де бар, сондықтан сөздің мағынасын анықтау үшін контекстке жүгіну керек» деп ойлайды.

Тілдік құбылыс ретіндегі мәдениетпен тығыз байланысты реалиялар ортаның дамуындағы барлық өзгерістерге тез әсер етеді, олардың арасында реалия – неологизмдер б тарихи сөздер, көнерген сөздерді атап өтуге болады. Лингвоелтану реалияларының қатарына ономастикалық реалиялар жатады:

1) Мәдени – тарихи түсініктері бар географиялық атаулар (топонимдер) : Baiterek – Астана қаласында орналасқан ағаш тәріздес монумент.

2) Антропонимдер – тарихи тұлға, қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, көркем әдебиет кейіпкерлерінің аттары мысалы: Tolagay – елін жұттан құтқарған қазақ ертегісінің кейіпкері.

3) Әдеби шығармалардың ел өмірінде орын алған тарихи жағдайлардың, мемлекеттік және қоғамдық кеңселердің аттары мысалы: BBC – British Broadcasting Corporation – Британияның радио тасымалдау компаниясы.

Реалияларды заттық белгілеріне қарай бірнеше семантикалық топтарға бөлуді ең алғашқылардың бірі болып ғалым А.Е. Супрун ұсынған болатын. Реалияларды заттық салаларына қатысты топтауды Б.И. Репин еңбегінен табуға болады.

Реалия сөздер сипаттайтын факторларына сәйкес келесі топтарға бөлінеді:

1) заттық (географиялық, тұрмыс, киім, ақша, өлшеу бірлігі, сәулеттік, атақ және лауазым, партиялар, саяси-әлеуметтік қозғалыстар, әскери, әкімшілік-территориялық бірліктер, фольклор, ойыншықтар, ойындар, билер, жанрлар, мәдени реалия сөздер);

2) жергілікті (ұлтқа және тілге байланысты);

3) уақыттық (осы заманғы және көне реалия сөздер);

4) аудармашылық.

Бұл топқа келесі реалия сөздер жатады:

а) географиялық реалия сөздер (топонимдер): дала, тундра, каньон, фиорд; der Warf, die Wurfte – халлигахтан жасалынған үйлер тұратын төбешіктер;

б) киім: кимоно, пима, сәукеле, мәсі; der Kittel – китель; der Schillerkragen – ақ үлкен ашық жаға; die Uniform – униформа; der Tirolhut – қауырсыны бар тирольдік қалпақ; der Knickerbocker – шалбар – гольф;

в) ақша, өлшем бірліктері: ақша: рубль, доллар, марка, теңге; der Groschen – ескі неміс күмістен жасалынған тиын; der Kreuzer – ұсақ тиын, айналымда XIX ғасырдың соңына дейін қолданылды; der Gulden – алтын, содан кейін күміс Герман тиыны;

г) сәулет реалиялары: das Giebelhaus – қатты ұшталған үйдің төбесі; der Dachreiter – атша төбесінде орналасқан мұнара; das Reichenhaus – секциялардан тұратын, өз кіру есігі және нөмірі бар үй;

ғ) лауазымдар, дәрежелер: царь, король, шах, хан, би; der Herzog – ежелгі Герман халықтарда тайпаның бастығы, орта ғасырларда – үлкен феодал, орта ғасырлардың соңынан бастап – ақ сүйектердің жоғары атақтарының бірі;

д) партиялар, саяси-қоғамдық қозғалыстар: коммунистік партия, тори, виги, демократиялық партия; die Sozialdemokratische Partei – саяси-демократиялық партия; die Christisch-Demokratische Union – христиан-демократиялық Одақ;

е) әскери реалиялар: орда, жүздік, Қызыл Армия; die Reichswehr – Герман қарулы күштердің аты (1919 – 1935 жылдары); die Bundeswehr – Германияның қарулы күштері;

ж) әкімшілік-аумақтық бірліктер: губерния, облыс, штат; die Gemeinde – астыңғы әкімшілік-аумақтық бірлік, қауым; das Land – жер; der Bezirk – округ; die Marktgengenosschaft – ауылдық қауым;

з) фольклор реалиялары, ойыншықтар, ойындар, билер, жанрлар, мәдени және мәдени-тарихи реалия сөздер: Соловей-Разбойник, серый волк, Ванька-встанька, Мальчик-спальчик, Алдаркөсе, матрешка, асық, қыз қуу, барыня, батырлар жыры; der Troll – гном, герман мифологиясында тау рух; die Lorelei – неміс халық аңыздарындағы су перісі; das Nibelungenlied – Нибелунгтер туралы хикая.

Реалиялардың екі түрлі берілу тәсілдері бар:

1. Транскрипция – аудару тілінен аударма тіліне фонетикалық форма жағынан механикалық түрде ауыстырылуы, яғни дыбыстар деңгейінде. Мысалы: sputnik

2. Транслитерация – реалиялардың графем деңгейінде берілуі. Мысалы: Abai — Абай

3. Транскрипция амалы жараксыз болған кезде аударма тіліне реалияларды беру амалы ретінде аударманы орынбасу, субституцияны қолданамыз. Реалияларды аударудың бірнеше түрлері бар: Неологизмдерді еңгізу (калька және жартылай калька түрінде). [3]

А) Калька - сөздің немесе айналымның сөзбе сөз аударма жолы.

Мысалы: independent day – тәуелсіздік күні

Б) Жартылай калька- жаңа сөз және сөз тіркесі. Мысалы: desembrist — декабрист

В) шамамен аудару : түрдің орын басу принципі (реалия бірліктерінің мазмұнын кең түрде беру)

Мысалы: Two boys were playing flys a soft ball- Балалар доп ойнады.

Контексттік аударма – контексттің мағынасын беру.

Мысалы: How much are accomadations at health resorts?

Демалыс орнына жолдама қанша тұрады?

Транскрипция және функционалды аналог жолымен тарихи және ұлттық түрдегі реалия өлшем аудармасы. Мысалы: миля, фут.

Транскрипция және калька амалдарымен жасалатын русизмдер мен советизмдер аудармасы. Мысалы: vodka, ataman

Реалия – ақшалардың аудармасын транскрипция және функционалды аналог көмегімен береді. Мысалы: франк, доллар, фунт.

Транслитерацияда аударылатын тіл құралдарымен бастапқы тіл сөзінің графикалық формасы, ал транслитерацияда оның дыбыстық формасы беріледі. Бұл тәсілдер шет тілдік

жалқы есімдерді, географиялық атауларды, әртүрлі компаниялар, фирмалар, пароходтар, журналдар, газет, көлік атаулары және т.б. атауларын бергенде қолданылады.

Аудару тілінің сөз жасау және морфология ережелеріне сәйкес, шет түбірінің жұрнақтары жалғаулары арқылы транслитерация жасалады: Uniform- униформа, Kegel – кегли, Marke-Марка және т.б. [4]

Реалияларды аудару кезінде транслитерация өте сирек қолданылады. Ол туралы негізінен қоғамдық –саяси ұғымдарды немесе жалқы есімдерді аударғанда ғана айтуға болады.

Транскрипция көбінесе кең таралған публикацияда және көркем шығармаларда мәтіннің сипаттамасына қарай қолданылады. Транскрипция туралы айтқанда, тіл аралық омонимияны ұмытпау керек. Омонимия – фонетика жағынан реалия сөздердің аудармасына жақын сөздер.

Транскрипция және транслитерация формальді, аудармалық қателіктерді болдырмайтын реалия сөздерді аудару амалдары. Алайда, осы амалдарды қолданған кезде аударма мәтінінежаңа сөздер енгізіледі де, оқырман үшін ол белгісіз және белгілі бір денотатпен ара қатынасын белгілемейді немесе зат әлде құбылыс туралы аздаған түсінік береді. Ал егерде мәтін мазмұны реалияның мәнін ашпаса, онда аударма үшін қосымша амал ретінде сілтемені қолдану қажет. Сондықтан осы тәсілдерді қолданған кезде фондық мәліметке ие болу қажет.

Реалия сөздерді аударудың барлық тәсілдерін келесі схемамен белгілеуге болады:

- 1) транслитерация, транскрипция;
- 2) калькалау, жартылай калькалау, семантикалық неологизм;
- 3) ұқсас аударма;
- 4) контекстуалды аударма.
- 5) реалияны алмастыру
- 6) сипаттамалы аударма

Реалияларды аударуда ұқсас аударма тәсілі өте жиі қолданылады. Мысалы, көп таралған тәсіл функционалды эквивалентті таңдау. Бұл тәсіл бойынша аударма оқырманда түпнұсқа оқырманыңда туатын ассоциацияларыға сәйкес ассоциациялар туғызады.

Контекстуалды аударма өз қағидасы бойынша ұқсас аударма тәсіліне ұқсайды, бірақ сөздік аудармаға қайшы. Өйткені осы тәсілдермен аударылып жатқан сөздің мағынасы сөздікте берілген оның эквивалентінің мағынасынан тыс болуы мүмкін. Сонда аудармашы негізінен контекстке бейімделеді. Бұл тәсілдің мәні – сөздікте берілген сөзді контекстке, логикалық жағынан байланысты сөзбен алмастыру.

Кейбір ғалымдар (мысалы, Влахов және Флорин) бастапқы мәтінде берілген реалияны аударма тіліндегі реалиямен алмастырып, «реалияны алмастыру» тәсілін қолдануды ұсынады. Алайда, осындай алмастыру реалияны бүкіл мәтіннен оқшаулайды. Осындай жағдайда шартты аударылып жатқан немесе аудармашымен ұсынылған сөздің ұлттық нақышы жоғалады. [5]

Басқа реалия сөздерді қолданған кезде ұлттық нақыш өзгеріліп, оқырмандар өз назарларын автордың ойынша маңызды емес және ешқандай маңызы жоқ ұсақ бөлшектерге аударады.

Сипаттамалы аударма қолданылған кезде реалияның мазмұны ашылады. Егер аудармашыда басқа елдің заты немесе құбылысы туралы мәліметі, білімі жеткілікті болса, егер де ол осы реалия нені белгілейтінін білетін болса, онда сипаттамалы аударма дұрыс болады.

Сонымен, реалияны аударғанда белгілі бір тәсілді таңдау үшін, аудармашы оның алдында тұрған мақсатты нақты анықтау керек: тіл бірлігінің ұлттық нақышын сақтап, семантикаға кемістік келтіру немесе реалияның мағынасын жеткізіп, ұлттық колоритті жоғалту. Көркем шығарманы аударған кезде тағы бір тәсіл қолданылады – бұл түпнұсқа тіліндегі берілген мәтіннің реалия сөздеріне қоғамдық-мәдени түсінік беру. Газет-журнал мақалаларын аударғанда да қоғамдық-мәдени түсініктемелерді қолдануға болады.

С.Г. Тер-Минасова пікірінше, реалиялары бар түпнұсқа мәтіннің аудармада барабарлы қабылдауы мүмкін. Бұл үшін аударма тілінде «қоғамдық-мәдени түсініктемелер берілуі керек.

Қорыта келгенде аударма – бұл тілаларлық қатынас үшін пайдаланылатын жалғыз ғана тәсіл. Оның негізі мақсаты — әр түрлі тілдерде сөйлейтін кісілердің қатынасын максималды түрде бір тіл ширегінде сөйлейтіндей ету.

Гете айтқандай, «Аудармада аударылмайтынға жету қажет. Сонда ғана басқа халықты, жат мәдениетті білуге болады». Гетенің сөздерін реалия анықтамасына жатқызуға болады. Өйткені реалия тек қана аймақтық құбылыстарды және ұғымдарды білдіретін берілген, басқа халықтың тұрмысында, тілінде жоқ сөздер. Алайда, аудармашылар реалия сөздерді аударған кезде оларға эквиваленттерді немесе аударма тәсілдерін қолдануға тырысады.

Аударма мәселелері бірнеше кезеңдерден тұрады. Көптеген аудармашылар «реалия» сөзінің мағынасы туралы әлі күнге дейін таласуда; реалия сөздер топтамасы туралы көптеген қарама-қарсы пікірлер бар (негізінен қарастырылып жатқан сөздерді қандай қасиеттеріне байланысты топтарға бөлу қажет). Алайда тағы бір талас реалия сөздерді аударған кезде қандай тәсілдерді қолдану қажет деген мәселе төңірегінде туады. Сонымен, реалия сөздерді аударған кезде қандай тәсілді таңдауы қажет деген сұрақ аудармашы алдында тұрған сұрақтардың бірі және ол аудару мақсаттарына байланысты болады.

Дұрыс аударма жасау үшін аудармашы фондық білім мен мәліметтермен қамтамасыз етілген болу керек.

Реалия сөздерді жеткізу үшін, мәтіннің жанрына қарап, талдап, ойлану қажет. Егер де бұл ертеке болса, онда ұлттық ерекшеліктеріне қарау қажет, егер бұл этнографиялық очерк немесе басқа елдерге, аудандарға саяхат туралы әңгімелер болса, онда реалия сөздер максималды түрде жеткізілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Қ. Алпысбаев, Г. Қ. Қазыбек «Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі» Алматы 2001, 21 бет
2. В.С. Виноградов «Введение в переводоведение» Мәскеу 2001, 57 бет
3. Л. С. Бархударов «Язык и перевод» Мәскеу 1975, 95 бет
4. А.В. Комиссаров, В.Н. Коралева «Практикум по переводу с английского языка на русский» Мәскеу 1990, 101 бет
5. Ф.Р. Ахметжанова «Аударматанудың кейбір мәселелері» Өскемен 2009

УДК 811.133.1'373.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ЕНГЕН НЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ ЖОЛЫНЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Сыдык Жансая Саясатовна

zhansaya_s_95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент А.М. Қызырова

Аударма ісі өткен тарихта болсын, бүгінгі күнімізде болсын мәдениеттерді байланыстыру құралы ретінде қызмет етіп келеді. Аударма – тілдік қонақжайлылық, кеңпейілділік, кеңшілік түрі. Аударма – өз тіліңді қайта ашудың, өз тіліңді байытудың, соның әсерінен өз мәдениетіңнің көкжиегін кеңейтудің пәрменді құралы. Ендеше, аударма мәселесі мәдени ортақтасуды жүзеге асыратын мәдениеттер сұхбаты мәселесімен иық тіресе жүрері сөзсіз.